



Аурухана өзінің жұмысын Қазақстан Республикасының Конституциясына, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес 15.10.2018 ж. Шымкент қаласының «Денсаулық сақтау басқармасы» ММ берілген 0000023 DX лицензия және лицензияға қосымшалар негізінде жүзеге асырады.

Аурухананың бас дәрігері – Ережепов Бактығали Аюбаевич қызметке 16.03.2021 ж. бастап тағайындалды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

**1. Нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына алып келетін **дискрециялық әрекеттер (өз қалауынша әрекет ету өкілеттілігі) мен ережелерді** анықтау мақсатында денсаулық сақтау саласында және Аурухана жұмысында қолданылатын нормативтік-құқықтық құжаттар қарастырылды. Талдау барысында нормативтік-құжаттар зерттелді. Ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша жұмыс тобымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері келесі нормативтік-құқықтық құжатта анықталды.

1.1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 23-бап 1-тармақ 1-тармақшасына сәйкес **Жұмыс берушінің жұмысқа қабылдау кезінде таңдау еркіндігіне құқығы бар.**

Осы бапқа сәйкес жұмысқа қабылдау немесе қабылдамау шешімі Жұмыс берушіге берілген.

**Ықтимал тәуекелдер** - Жұмыс берушінің жеке бас қызығушылығы. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 25-бап 1-тармаққа «Еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін бұзуға тыйым салынады» қарама қайшылық әрекет алып келеді.

**Шешім:** Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне өзгерістер енгізу, жұмысқа қабылдау және орналасу процессін автоматтандыру, жұмысқа қабылдау процессіне Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қатысуы.

1.2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 23-бап 1-тармақ 6-тармақшасына сәйкес **Жұмыс берушінің жұмыскерлерді көтермелеуге құқылы.**

Аталған бапқа сәйкес жұмыскерлерді көтермелеуге құқық жұмыс берушіге берілген.

**Ықтимал тәуекелдер** – әділетсіздіктің орнауы, жұмыс берушінің жеке бас қызығушылығы, мүдделер қақтығысы.

**Шешім:** Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне өзгерістер енгізу, Келісім комиссиясының өкілеттілігін арттыру.

1.3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу Заңының 7-бап 2-тармағына сәйкес **Тапсырыс берушінің өзі тікелей не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімін орындауға жауапты өзінің**

**құрылымдық бөлімшесінің атынан мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ретінде әрекет ете алады.**

Яғни квазимемлекеттік ұйымдардың мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімін тікелей өзі орындауы Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің арасында байланыс орналасуына, алдын-ала уағдаластықтың болуына, мемлекеттік бюджетті жымқыруға ықтимал туғызады.

**Ықтимал тәуекелдер** - мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсамау, жеке немесе ортақ пайда көру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол беру.

**Шешім:** Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 01.09.2022 ж. Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алуды бірыңғай платфомаға көшіру. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң қайта қарастыру.

1.4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу Заңының 38-бап 5-тармаққа сәйкес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуда **ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.**

Бұл сатып алынатын тауардың сапасына, қолданыстағы жарамдылық уақытына теріс әсер етеді. Өнім берушінің тауардың сапасы деген жауапкершілігі болмайды.

**Ықтимал тәуекелдер** - мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсамау, бюджет қаражатын талан-тараж ету.

**Шешім:** Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 01.09.2022 ж. Қазақстан халқына Жолдауына айтылып өткендей, бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметкердің сапасы баста назарда болу қажет. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң қайта қарастыру. Мемлекеттік сатып алу веб-порталын жетілдіру.

1.5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 676-бабына сәйкес Жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Аталған бапта **Жеке тұлғалардың мемлекеттік ұйымның жұмыскерлеріне** заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі бойынша жауапкершілігі қарастырылмаған. Жеке тұлғаларда мұндай жауапкершіліктің болмауы мемлекеттік ұйым жұмыскерлерінің қызметін алу барысында «артықшылықтар», «жеңілдіктер» пайдалануға әкеліп соғады. ҚР Қылмыстық Кодексінің 247-бабында біржақты жауапкершілік қарастырылған.

**Ықтимал тәуекелдер** - мемлекеттік ұйымның жұмыскерлерін заңсыз сыйақы, сыйлықтар алуға итермелеу.

**Шешім:** Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 676-бабын толықтыру немесе жаңа баппен бекіту. Республикалық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихаттарды күшейту.

**2. Аурухананың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:**

2.1. 2023 жылдың 23 мамырында Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы Заңының 31-бап 1-тармағына сәйкес Патогендіктің II-IV топтарындағы микроорганизмдермен және гельминттермен жұмыс істеуге рұқсат беру «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шымкент қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесімен қайта рәсімделді. Қайта рәсімдеу [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) электрондық порталында барлық ережелерді сақтай отырып жүргізілді. Қайта рәсімдеу кезінде бұзушылықтар болған жоқ.

2.2. 2023 жылдың 09 маусымында Шымкент қаласы «Өл-Фараби ауданының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесімен зертханада серологиялық зерттеулер жүргізуге Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы берілді. Мемлекеттік қызмет [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) электрондық порталында барлық ережелерді сақтай отырып көрсетілді.

2.3. 2023 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына сәйкес, зертханада серологиялық зерттеулер жүргізуге медициналық лицензияға қосымша алу мемлекеттік қызмет "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі тарапынан көрсетілді. Мемлекеттік қызмет [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) электрондық порталында барлық ережелерді сақтай отырып көрсетілді.

**Ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.**

**3. Персоналды басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:**

Аурухананың штат саны - 682,75 бірлік, оның ішінде штат қызметкерлері – 665, қызметті қоса атқарушылар – 12. Бос орындар – 5 (дәрігер инфекционист-3, дәрігер реаниматолог – 2).

ҚР Халықты жұмыспен қамту туралы Заңының 28-бап 2-тармақ 1-тармақшасына сәйкес Жұмыс беруші бос орындардың бар екендігі туралы мәліметтерді еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, олар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту

орталығына жазбаша түрде немесе "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы жіберуге міндетті.

Аурухананың бос жұмыс орны туралы ақпараттар [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) сайтында жарияланады. Біліктілік талаптар ҚР заңнамаларында бекітілген талаптарға сәйкес қойылған.

01.01. - 20.06.2023 ж. аралығында жалпы жұмысқа қабылданғандар саны – 22, оның ішінде: *экономист – 1, лаборант – 2, қазандық оператор (котельный) – 1, жүргізуші – 1, санитарлар – 17.*

Жұмыстан босатылғандар саны – 40 (өз еркімен). Теріс себептермен босатылған жағдайлар тіркелген жоқ.

Қазіргі уақытқа дейін еңбек тәртібін бұзғаны үшін 44 қызметкерге ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес тәртіптік шара қолданылды (ескерту – 34, сөгіс – 7, қатаң сөгіс - 3).

Барлық қайта қабылданған қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті арнайы тексерулерден өтеді.

Жалған білім дипломын қолданған фактілер анықталған жоқ.

Барлық ішкі құжат айналымы Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

#### **Ұсыныстар:**

- [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) сайтын жетілдіру қажет, жарияланған бос орындарға үміткерлерді [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) порталдың өзі, қойылған біліктілік талаптарға сәйкес, таңдауы тиіс. Біліктілік талаптарынан өткен үміткерлерді Халықты жұмыспен қамту орталығы мекемелерге (бос орын жариялаған) жұмысқа қабылдау комиссиясының сұхбатынан өтуге жіберу қажет (ҚР Халықты жұмыспен қамту туралы Заңының 12-бап, 1-тармақ сақтай отырып). Егер жіберілген үміткерлердің ешқайсысы сұхбаттан өтпесе, жұмысқа қабылданбаса, мекеме дәлелді себебін Халықты жұмыспен қамту орталығына ресми хатпен жолдайды.

- ҚР Халықты жұмыспен қамту туралы Заңының 11-бап 1-тармақ 11-тармақшаға сәйкес Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыс іздеп жүрген адамдарға, жұмыссыздарға және өтініш жасаған өзге де адамдарға еңбек делдалдығын көрсетеді.

6-тармақшаға сәйкес халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, жұмыс іздеп жүрген адамдарды және жұмыссыздарды лайықты жұмыстың бар екендігі туралы міндетті түрде хабардар ете отырып, оларға лайықты жұмыс таңдауда жәрдемдеседі.

Халықты жұмыспен қамту орталығының Заңнамада көрсетілген міндеттемелерін қайта қарастыру қажет, жұмысқа орналастыру өкілеттілігін арттыру қажет.

### **Мүдделер қақтығысын реттеу**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңының 14-бап 1-тармағына сәйкес Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын қоспағанда) және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты болатын лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында бола алмайды.

3-тармаққа сәйкес осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың квазимемлекеттік сектор субъектісінің бір басқару органында (байқау кеңесінде, атқарушы органында) өзінің жақын туыстарымен, жұбайымен (зайыбымен) және (немесе) жекжаттарымен бірге лауазымдарды атқаруына тыйым салынады.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында жақын туыстармен бірге қызмет (жұмыс) атқару фактілері анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.**

### **Ұсыныстар:**

- Сыбайлас жемқорлыққа көріністеріне теріс ой және төзбеушілікті қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізу
- Этика Кодексіні сақтауды қатаң бақылауға алу, түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

### **4. Мемлекеттік сатып алу жүргізудегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:**

Мемлекеттік сатып алу жұмыстары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу туралы Заңына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына және Арухананың 2023 жылға арналған Мемлекеттік сатып алу Жоспарына сәйкес жүргізілуде.

2023 жылдың қаңтар айынан бастап маусым айына дейін 54 Келісім – шарт жасасқан, олардың ішінде 16 орындалған. 1 келісімшарт біржақтама бұзылды (жеткізушінің жосықсыз деп танылғаны үшін сатып алу өткізілмеді).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша құқық бұзушылық анықталмады.

**5. Мемлекеттік қызмет көрсетуде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:**

Аурухана Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 344 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы азаматтарының және оралмандардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуы қағидалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 40 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инфекциялық аурулар кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты және басқа нормативтік-құжаттар негізінде қызмет көрсетеді.

Аталған нормативтік-құжаттарды талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

28.02.2023 ж. және 01.03.2023 ж. Аурухана медициналық қызметкерлеріне Сыбайлас жемқорлық саласындағы заңнамаларды орындау мақсатында ақпараттық таныстыру және түсіндірме жұмыстарын жүргізілді.

12-15 маусым аралығында Аурухананың 2023 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес науқастар арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын зерттеу бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 37 адам қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша медициналық қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық әрекеттері анықталған жоқ.

**6. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:**

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру Қазақстан Республикасы әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі негізінде жүзеге асырылады.

Ауруханаға жеке және заңды тұлғалардың өтініштері Е-Otinish веб-порталы арқылы, Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының сайты, [shgib@mail.ru](mailto:shgib@mail.ru) электрондық адресіне немесе қағаз нұсқасында келіп түседі. 01.01.2023 ж. - 31.05.2023 ж. аралығындағы жалпы түскен өтініштер саны – 30. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері, құқық бұзушылықтары бойынша түскен арыз-шағымдар тіркелген жоқ.

Ауруханада 49-00-77 нөмірі арқылы сенім телефоны жұмыс істейд. Сенім телефоны бойынша арыз-шағымдар тіркелген жоқ.


Аурухана ғимараттарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған үгіт материалдар орналасқан. Әкімшілік ғимаратының 1-ші және 2-ші қабаттарында комплаенс-офицері туралы ақпараттық тақта ілінген.

## 2. Қорытынды:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ішкі бақылау мен талдау тұрақты негізде жүргізілсін.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар әрі қарай жүргізілсін.


### Жұмыс тобы:

Комплаенс-офицер



Избаева Г.Р.

Мамандар бөлімінің басшысы



Адамбек С.А.

Бас есепші



Тажобаева Б.С.

Сарапшы дәрігер



М.А. Умбеталина

**Аналитикалық анықтамамен таныстым:**

**Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКҚК бас дәрігері**

**Б.А. Ережепов** \_\_\_\_\_